



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

2023 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есеп

Астана қаласы, 2024 ж.

1. 2023 жылдың негізгі оқиғалары
2. Директорлар Кеңесі Төрағасының үндеуі
3. Басқарма Төрағасының үндеуі
4. Орталық туралы
5. Даму стратегиясы
6. Қазақстан Республикасының Ең үздік қолжетімді техника қағидаттарына көшуіне жәрдемдесу
7. Жасыл технологиялар нарығын дамыту
8. Халықаралық ынтымақтастық
9. Ақпараттық жұмыс
10. Корпоративтік басқару
11. Тәуекелдерді басқару жүйесі және негізгі тәуекел факторлары
12. Орнықты даму
13. Адам ресурстарын басқару
14. Орталық қызметіне қаржылық-экономикалық шолу
15. Аудит және қаржылық есептілік
16. 2024 жылға арналған мақсаттар мен жоспарлар

2023 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



4

ЕҚТ бойынша
анықтамалық жобасы

әзірленіп, тиісті ТЖТ*-мен келісілді және ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне жолданды

14

ЕҚТ бойынша
анықтамалық

Үкіметтің қаулысымен бекітілді

45

жоба

GCIP-Kazakhstan халықаралық гранттық жобасы шеңберінде акселерациядан өтті

ҚР Елдік бағдарламасы

ЖКҚ*-да қаржыландыру үшін ҚР басым бағыттарын айқындайды, **Readiness-II** бағдарламасы шеңберінде әзірленген

*ТЖТ – ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу жөніндегі техникалық жұмыс тобы

ЖКҚ – Жасыл климат қоры



**Әлиев Жомарт
Шияпұлы**

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2023 жылдың соңында біз Қазақстанда жасыл технологияларды дамытуға бағытталған стратегиялық бастамаларды іске асырудағы елеулі прогресті атап өтеміз. Өткен жылы біз күш-жігерімізді өнеркәсіпте ең үздік қолжетімді технологияларды (ЕҚТ) енгізуге бағыттадық, бұл бізге Қазақстан Республикасындағы экологиялық жағдайды жақсартуға үлес қосып қана қоймай, еліміздің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға мүмкіндік берді. I-санаттағы ірі кәсіпорындарға арналған ЕҚТ бойынша 16 анықтамалықты әзірлеуді аяқтау шығарындыларды азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.

Біз халықаралық ұйымдармен гранттық жобаларымызды дамытуды жалғастырып жатырмыз. Біз 45 стартаптың GCIP-Kazakhstan шеңберінде акселерация кезеңінен өткенін мақтан тұтамыз, бұл экология саласында инновациялық шешімдерді енгізу үшін жаңа серпіліс береді.

Сонымен қатар, біз "жасыл экономика" қағидаттарына көшу кешенді міндет екенін түсінеміз. Қазақстандық кәсіпорындардың бизнес-модельдеріне орнықты тәжірибелерді ықпалдастыру және төмен көміртекті даму моделіне көшу қажеттілігі Халықаралық жасыл технологиялар орталығы мен инвестициялық жобалардың мемлекеттік, жеке секторлармен және халықаралық әріптестермен белсенді ынтымақтастығын талап етеді. Сондықтан, келесі жылдары біз өз жұмысымызды алға қойған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, жинақталған тәжірибе мен серіктестердің қолдауына сүйене отырып жалғастыратын боламыз.

Біз негізгі стейкхолдерлермен стратегиялық ынтымақтастық және жинақталған тәжірибені пайдалану Қазақстан үшін тұрақты болашақ құруға бағытталған өршіл мақсаттарды іске асыруға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



**Қарымсақов Дидар
Нұрлыбекұлы**

Құрметті қауым!

2023 жылдың соңында біз атқарылған жұмыстарды қорытындылап отырмыз. Жыл бойы біз жасыл технологиялар нарығын дамытуға және Қазақстан Республикасының Ең үздік қолжетімді техникаларға (ЕҚТ) көшуін қолдауға бағытталған стратегиялық курсымызды іске асыруды табысты жалғастырдық. Бұл күш жігер еліміздің экология және тұрақты даму саласындағы ұстанымын нығайтуға ықпал етті.

2023 жылы біздің орталық өнеркәсіп салаларының і-санатындағы ТОП-50 кәсіпорынды қамтитын ЕҚТ бойынша 16 анықтамалықты әзірлеуді аяқтады. Бұл анықтамалықтар бизнеске озық технологияларды тиімді пайдалану құралдарын ұсынады, бұл олардың экологиялық әсерін айтарлықтай төмендетеді. Барлық 16 анықтамалықты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен бекіту еліміздің ірі өнеркәсіптік компаниялары деңгейінде шығарындыларды азайтуға және энергия тиімділігін арттыруға қосқан үлесімізді растайды.

Тартылған гранттық жобаларды іске асыру аясында біз айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Қазақстан Республикасының "Readiness-2" Жасыл климат қорының (ЖКҚ) қаржыландыруына әзірлігін қолдау бағдарламасы және ЮНИДО-мен бірлесіп іске асырылатын және Жаһандық экологиялық қор қаржыландыратын Қазақстандағы таза технологиялар саласындағы инновациялардың жаһандық бағдарламасы (GCIP-Kazakhstan) табысты дамуын жалғастыруда. Readiness-2 жобасы аясында ЖКҚ-да одан әрі қаржыландыру үшін басым бағыттарды айқындайтын елдік бағдарлама әзірленді. GCIP-Kazakhstan жобасы бойынша стартаптардың 100-ден астам өтінімі қаралды, оның ішінде 45 жоба акселерация кезеңінен өтті. 2024 жылы біз осы жобалар бойынша жұмысты жалғастыруды және белгіленген мерзімге сәйкес аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Бірлескен күш-жігеріміздің, әріптестеріміздің қолдауының және жинақталған тәжірибеміздің арқасында біз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға және Қазақстанның тұрақты дамуына елеулі үлес қоса алатынымызға сенімдіміз.

"Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы" КЕАҚ-ның құрылатыны 2015 жылы БҰҰ-ның 70-ші Бас Ассамблеясы шеңберінде жарияланды және ҚР Үкіметінің 27.04.2018 №224 Қаулысымен бекітілді.

Орталық «Жасыл» технологиялар мен жобалардың тізілімін жүргізу, "жасыл" технологияларды коммерцияландыру және технологиялық бизнес-инкубациялау, "жасыл" қаржыландыруды, оның ішінде "жасыл" жобаларды іске асыру үшін инвестициялар мен гранттарды тартуға жәрдемдесу бойынша кешенді қызметтер көрсетеді.

Орталықтың маңызды міндеті қоршаған ортаға әсер ету деңгейін айтарлықтай төмендету мақсатында ірі кәсіпорындардың ЕҚТ қағидаттарына көшу процесін сүйемелдеу болып табылады.

Орталықта құрылған ЕҚТ ұлттық бюросы ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу және ЕҚТ енгізу процесін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

Миссия

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін "жасыл" технологияларды ілгерілету және бизнесті қолдау

Пайым

"Жасыл" технологиялар нарығының ұлттық үйлестірушісі және "жасыл" өсу саласындағы танымал халықаралық серіктес

1-мақсат: Қазақстан Республикасында "жасыл" технологиялар нарығын дамыту үшін жағдайлар жасау

- Қазақстандық "жасыл" технологиялар мен жобалар нарығын қазіргі заманғы жағдайларға бейімдеу
- "Жасыл" бизнесті дамытуға жәрдемдесу

2-мақсат: Қазақстан Республикасының Ең үздік қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуіне жәрдемдесу

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындаған қызмет түрлері бойынша тәуелсіз сараптамалық пулдың жұмыс істеуі:

- ЕҚТ қағидаттарына көшуді институцияландыру: нормативтік-техникалық және құқықтық базаны дайындау
- ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу
- Мүдделі тараптарға ЕҚТ қағидаттарына көшу, тренингтер өткізу мәселелері бойынша консультация беру

3-мақсат: "Жасыл" қаржыландыруды тарту, тәжірибе алмасу және технологиялар трансферті бойынша танылған халықаралық серіктес болу

- Орталықты Жасыл климат қорында (ЖКҚ) аккредиттеу
- Халықаралық бағдарламалардағы жұмыс шеңберінде қаржыландыруды тарту (ПРООН, UNIDO және басқалары) және тендерлерге қатысу (ЕҚДБ, ДБ, АДБ және т. б.)
- Өңірлік жобаларды іске асыру
- Орнықты даму саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл, оның ішінде тәжірибе алмасу және Орталықтың сараптамалық әлеуетін арттыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҚТ ҚАҒИДАТТАРЫНА КӨШУІНЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

Жұмыс органы (ЕҚТ бюросы)

- ЕҚТ жүйесінің жұмыс процестерін институцияландыру
- ЕҚТ бойынша анықтамалықтарды әзірлеу процесін әкімшілендіру
- Деректерді жинау мониторингі
- Жұртшылықпен талқылауға арналған платформа
- ЕҚТ анықтамалықтарын әзірлеуге арналған цифрлық платформа

Жұртшылық

- Мүдделерді қорғау
- Хабардарлықты арттыру
- Мүмкіндіктерді кеңейту
- Саясатты бақылау және бағалау
- Саясатты іске асыруға қатысу

Сарапшылар қауымдастығы

Біліктілік тәсілдері


Өнеркәсіп

- Міндеттемелерді сақтау
- Технологияларды жаңғырту және бейімдеу
- Әртараптандыруға ықпал ету

Мемлекет

- Заңнамалық нормалау
- Құқықтық бақылау
- Экономикалық ынталандыру

ЕҚТ БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚТАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ



ЕҚТ БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚТАР



2023

3 ЕҚТ бойынша анықтамалық

044 «Технологиялар мен үздік практикаларды ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде әзірленді

1 ЕҚТ бойынша анықтамалық

коммерциялық қаражат шеңберінде әзірленді

ТЖТ мүшелерінің саны

170

ТЖТ-ның өткізілген отырыстары

17

ЕҚТ

171

Ұлттық сарапшы

13

2022

4 ЕҚТ бойынша анықтамалық

044 «Технологиялар мен үздік практикаларды ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне жәрдемдесу» бюджеттік бағдарламасы шеңберінде әзірленді

3 ЕҚТ бойынша анықтамалық

коммерциялық қаражат шеңберінде әзірленді

ТЖТ мүшелерінің саны

190

ТЖТ-ның өткізілген отырыстары

50

ЕҚТ

320

Ұлттық сарапшы

21

ЕҚТ БОЙЫНША АНЫҚТАМАЛЫҚТАР



2021-2022

2022-2023


ЕҚТ бойынша анықтамалықтың атауы		ЕҚТ бойынша анықтамалықтардың ағымдағы мәртебесі	ЕҚТ бойынша қорытындылардың ағымдағы мәртебесі
1	Бейорганикалық химиялық заттар өндірісі	<u>ҚР Үкіметінің (ҚР ҰҚ) 21.09.2023 жылғы № 821 қаулысы</u>	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 160 бекітілді
2	Цемент және әк өндірісі	ҚР ҰҚ 24.10.2023 ж. № 941	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 160 бекітілді
3	Мырыш және кадмий өндірісі*	ҚР ҰҚ 19.10.2023 ж. № 921	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 160 бекітілді
4	Мұнай және газ өңдеу	ҚР ҰҚ 23.11.2023 ж. № 1024	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 161 бекітілді
5	Қорғасын өндірісі*	<u>ҚР ҰҚ 11.11.2023 ж. № 998.</u>	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 160 бекітілді
6	Мыс және бағалы металл – алтын өндірісі*	ҚР ҰҚ 11.11.2023 ж. № 999	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 160 бекітілді
7	Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу	ҚР ҰҚ 23.01.2024 ж. № 23	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 161 бекітілді
8	Шаруашылық және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі энергетикалық тиімділік**	ҚР ҰҚ 23.01.2024 ж. № 24	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді
9	Түсті металл кендерін (бағалы металды қоса алғанда) өндіру және байыту	ҚР ҰҚ 08.12.2023 ж. № 1101	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 161 бекітілді
10	Темір кендерін (өзге де қара металл кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту	<u>ҚР ҰҚ 29.12.2023 ж. № 1251.</u>	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 161 бекітілді
11	Ферроқорытпа өндірісі	ҚР ҰҚ 27.12.2023 ж. № 1203	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 161 бекітілді
12	Мұнай және газ өндіру	ҚР ҰҚ 27.12.2023 ж. № 1202	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді
13	Шойын және болат өндірісі	ҚР ҰҚ 27.12.2023 ж. № 1199	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді
14	Қара металды одан әрі қайта өңдеу бұйымдарының өндірісі	ҚР ҰҚ 29.12.2023 ж. № 1252	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді
15	Көмір өндіру және байыту	ҚР ҰҚ 27.12.2023 ж. № 1201	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді
16	Алюминий өндірісі*	ҚР ҰҚ 27.12.2023 ж. № 1200	ҚР ҰҚ 11.03.2024 № 159 бекітілді

* Бюджеттен тыс қаражат есебінен ЕҚТА әзірлеу

ТОП-50 өнеркәсіп саласы бойынша ЕҚТ енгізудің болжамды әсері

Сала	ЕҚТА атауы	% эмиссия төмендеуі
Мұнай-газ саласы	«Мұнай және газ өңдеу» ЕҚТА	13
	«Мұнай және газ өндіру» ЕҚТА	56
Химия саласы	«Бейорганикалық химиялық заттар өндірісі» ЕҚТА	60
Цемент саласы	«Цемент және әк өндірісі» ЕҚТА	35
ТКМ	«Қорғасын өндірісі» ЕҚТА	70
	«Мыс және бағалы металл – алтын өндірісі» ЕҚТА	65
	«Мырыш және кадмий өндірісі» ЕҚТА	55
	«Түсті металл кендерін (бағалы металды қоса алғанда) өндіру және байыту» ЕҚТА	75
	«Темір кендерін (өзге де қара металл кендерін қоса алғанда) өндіру және байыту» ЕҚТА	80
	«Ферроқорытпа өндіріс» ЕҚТА	77
	«Алюминий өндірісі» ЕҚТА	70
	«Шойын және болат өндірісі» ЕҚТА	40
	«Қара металды одан әрі қайта өңдеу бұйымдарының өндірісі» ЕҚТА	60
	«Көмір өндіру және байыту» ЕҚТА	70
Энергетика саласы	«Шаруашылық және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі энергетикалық тиімділік» ЕҚТА	Сокращение потребления топлива – 40%
	«Энергия өндіру мақсатында ірі қондырғыларда отын жағу» ЕҚТА	78

Өнеркәсіп салалары бойынша атмосфераға шығарындылардың болжамды қысқаруы



Эмиссияларды қысқартудың жиынтық көлемі - жылына 950 000 тонна

ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТІЗІЛІМІ



Тізілім – "жасыл" технологиялар және отандық жасыл технологиялар мен жабдықтарды өндірушілер мен жеткізушілердің жобалары бойынша жүйеленген, кезең-кезеңімен толықтырылатын және нақтыланатын мәліметтер жиынтығы.

Тізілімнің мақсаты:

- 1 "Жасыл" жобаларды ілгерілету
- 2 Коммерцияландыру және * "жасыл" технологиялар
- 3 "Жасыл" жобаларды іске асыру үшін инвесторларды іздеу

2023 жылғы желтоқсандағы жағдайы бойынша Тізілімде 16 технология мен жоба бар, оның 5-і есепті жылы берілген

- 1) Тез өсетін ағаш – Павловния плантацияларын құру жобасы.
- 2) Катализатор Q18
- 3) Airborne 10
- 4) «Project Alice» ҚБ
- 5) «KB-1» ауыз су дайындау технологиясы



Технологиялар тізілімі мен трансферіне ұқсас ақпараттық ресурстарды пайдаланудың халықаралық тәжірибесіне талдау дайындалып, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіне ұсынылды



Технологиялар трансферті бойынша нақты алгоритм ұсынылды. Мәселен, қазіргі уақытта Қазақстанда "жасыл" технологияларға басымдық беру және GreenTech технологиялық платформасын дамыту бойынша жұмыс жүргізілуде.



Талдау нәтижелері бойынша

Париж келісімінің 10-бабы шеңберінде технологиялар трансферін іске асыру бойынша ұсынымдар берілді, осы бағыттағы жұмыс тетігі ұсынылды.

*Технологиялық бизнес инкубатор



GCIP-Kazakhstan

Бюджеті: 1 млн 433 мың доллар

Іске асыру мерзімі: 2023 -2025 жылдар

Мақсаты: Қатысушылар қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін технологиялық шешімдерді коммерцияландыру мақсатында технологиялық, ақпараттық және қаржылық ресурстарды біріктіретін инновациялық экожүйені құру

2023 жылғы нәтижелер

1 Стартаптардың 100-ден астам өтінімдері қаралды, олардың 45-і GCIP шеңберінде акселерациядан өтті.

2 Пре-акселерация бойынша тренинг елде 2023 жылғы 16-19 мамыр аралығында өткізілді.

3 Ағымдағы жылдың 26 және 28 қыркүйегінде Алматы, Атырау қалаларында брокерлік іс-шаралар өткізілді.

4 2427 қазан аралығында кәсіпкерлер мен тәлімгерлерге арналған Ұлттық академия өткізілді

5 NGIN 2023 жылдың 2 тамызынан 20 қарашасына дейін акселерацияның 20 оқыту модулі бойынша жаһандық тренингтер өткізді.

6 Халықаралық және Ұлттық консультанттар қабылданды

7 Ұлттық форум өткізілді, таза технологиялар саласында 5 ұлттық жеңімпаз анықталды.

GCIP-Kazakhstan

Серіктестік желісін кеңейту



Негізгі бағыттар

Жергілікті және халықаралық байланыстар құру

Академиялық және ғылыми мекемелермен өзара іс-қимыл жасау

Тәжірибе және білім алмасу

Халықаралық іс-шараларға қатысу

Мемлекеттік және жеке ұйымдармен ынтымақтастық

Бірқатар ұйымдармен келісімдерге қол қойылды:



ҚР-НЫҢ ЖКҚ-НЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУЫНА ӘЗІРЛІГІН ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ (READINESS-II)



2022 жылдың 10 қарашасында UNOPS-пен 998,000 АҚШ доллары көлеміндегі келісімге қол қойылды: **2022 – 2025 (26 ай)**

2023 жылғы жұмыс нәтижелері

- Елдің климаттық саясатына сәйкес ЖКҚ-ға арнап Елдік бағдарлама әзірленді. 120 компанияның қатысуымен 2 семинар өткізілді. 23 жобалық ұсыныс ұсынылды.
- ЖКҚ-да жобаларды қарау үшін үйлестіру тетігін құру әдістемесі әзірленді. "No objection" процедурасы жаңартылды.
- ЖКҚ-да аккредиттеу алу бойынша 3 ұйымның әлеуеті күшейтілді.
- ЖКҚ-да аккредиттеу алғысы келетін ұйымдар үшін практикалық нұсқаулық әзірленді.
- ЖКҚ қаржыландыратын климатқа байланысты қаржыландыру мүмкіндіктері туралы хабардарлықты арттыра отырып, төмен көміртекті мүмкіндіктерге бағдарланған 7 өнеркәсіптік сектор бойынша 7 оқу модулі әзірленді.
- Өнеркәсіп секторының өкілдері үшін әлеуетті арттыру бойынша 7 облыста тренингтер өткізілді. Ең үздік халықаралық тәжірибелер мен декарбонизация технологиялары туралы нұсқаулық дайындалды.
- Павлодар алюминий зауытының үлгісімен Жасыл климат қорының қызметі және өндіруші сектордағы декарбонизация туралы бейнероликтер дайындалды.

Жоба аяқталғаннан кейін негізгі KPI

ҚР елдік бағдарламасы. ЖКҚ жобаларын қарау үшін ведомствоаралық үйлестіру тетігі құрылды

ЖКҚ-да аккредиттеу алу үшін 3 ұйымның әлеуеті күшейтілді

Жеке сектор және қаржы нарығы мен реттеушілердің қатысушылары ЖКҚ қызметіне белсенді тартылды

Банк секторы мен қаржы мекемелерінің қолданыстағы операцияларына "жасыл" қаржыландыру тетіктері интеграцияланды.



2023 жылдың қорытындысы

Жасыл аккредиттеуі – алғашқы пікірлер пысықталды, қосымша ақпарат жүктелді.

Жасыл технологиялар трансфері бойынша жұмысты ұйымдастыру – Mitsubishi Heavy Industries, Steinmüller Engineering және Wallstein Rothemühle-мен ынтымақтастық жасалды.

БҰҰ КӨНК тараптарының 28-ші конференциясына қатысу (COP28) – мазмұндық толтыру.

- **Инвесторлармен белсенді жұмыс істеу және "жасыл қаржыландыруды" тарту**, оның ішінде климаттық инвестициялар, қаржылық және техникалық көмек шеңберіндегі гранттар.
- **Халықаралық бағдарламаларға қатысу** - сараптамалық әлеуетті арттыру және тәжірибе алмасу үшін орнықты даму саласында.
- **Халықаралық тәжірибе** - ЕҚТ қағидаттарына көшу, технологиялар трансфері бойынша
- **Жасыл Климат Қорын аккредиттеу** – төмен көміртекті жобаларды басқару және іске асыру үшін гранттар түрінде БҚФ қаржыландыруға қол жеткізу мақсатында (10 млн. долларға дейін).

2024-2025 жылдарға арналған жоспарлар

Қазақстанда жасыл инвестициялық жобаларды іске асыру әлеуетін пысықтау

әлеуетті инвесторлармен байланыс орнату және жасыл жобаларды ілгерілету

сараптамаға және қорландыруға қол жеткізе отырып, «жасыл экономика», орнықты даму саласындағы жетекші халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

igtipc.org интернет-ресурсын толтыру

Баспасөз хабарламаларын, хабарламалар мен хабарландыруларды орналастыру

YouTube-ке экология саласындағы арнайы бағдарламаларды шығару

Сұхбаттарды ұйымдастыру, подкасттарды түсіру және қазіргі экологиялық күн тәртібін жариялау

Әлеуметтік желілерде посттар жариялау

Арнайы бейнематериалдар әзірлеу, инфографика жасау, тақырыптық айдарлар жүргізу

Жастармен және жұртшылықпен белсенді жұмыс жүргізу

Түрлі жарыс конкурстарын өткізу, әлеуметтік желілер арқылы экологиялық лайф-хактар ұсыну, экологиялық тақырыптарды зерттеу және онлайн сауалнамалар жүргізу

Басқа БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау

Мақалаларды, ақпараттық және жаңалықтар материалдарын жариялау. Баспасөз кездесулерін өткізу. Подкасттарға, телевизиялық бағдарламаларға және ток-шоуларға қатысу

АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС



2023 жылы ақпараттық алаңда халықты қамту - 564,4 мың адам
(2022 жылы 388,9 мың адам)

Facebook арнасы:

120 ақпараттық пост

Instagram арнасы:

100 жарияланым

**Басқа медиа алаңдардағы
материалдар:**

70-тен астам

телеарналардың және радионың,
сондай-ақ онлайн БАҚ-тың хабарларына
қатысу

Web-сайт:

100 баспасөз хабарламасы
мен ақпараттық хабарлама

**Мынадай бағыттар
бойынша 8 вебинар
өткізілді:**

- Су ресурстары
- Ауа сапасы
- ESG қағидаттарын енгізу
- Экологиядағы ғылымның рөлі.

YouTube арнасы:

14 видеоматериал
(Best Practices
бағдарламасының **5**
шығарылым, GREEN TALKS
подкастының **9**
шығарылымы)

2022 жылғы 31 тамыздан бастап Орталықтың Жалғыз акционері - **Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі**

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



**Ошурбаев Мансұр
Тұрсынұлы**
Директорлар
кеңесінің төрағасы,
акционердің өкілі



**Қанапьянов
Шыңғыс
Сержанұлы**
Директорлар
кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор



**Дайырбеков
Нұрбек
Слямханұлы**
Директорлар
кеңесінің мүшесі,
тәуелсіз директор



**Иванова Анна
Олеговна**
Директорлар
кеңесінің мүшесі,
акционердің өкілі



**Ағабеков Олжас
Пернеханұлы**
Директорлар
кеңесінің мүшесі

ХЖТИЖО КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕСЕБІ




2023 корпоративтік жылы атқарылған жұмыс туралы

2023 жылы ДК 57 мәселені қарады:

- ✓ Басқарманың сандық құрамы және оның өкілеттік мерзімі айқындалды, Басқарма мүшелерінің ҚНҚ карталары бекітілді;
- ✓ Жалғыз акционердің қарауына шығару үшін Орталықтың 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі алдын ала бекітілді.

Отырыстар саны- 11



ДК мүшелері, оның ішінде тәуелсіз мүшелері де өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады

ХЖТИЖО КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР



Орталықтың Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 08 қарашадағы шешімімен Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер - Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті және Аудит және тәуекелдер комитеті құрылды..

Комитеттер мүшелері болып Директорлар кеңесінің құрамынан директорлар сайланды. ҚР заңнамасына сәйкес тәуелсіз директорлар комитет төрағалары болып сайланды.

Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және
әлеуметтік мәселелер комитетінің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Дайырбеков Нұрбек Слямханұлы	Комитет төрағасы, Тәуелсіз директор
2.	Қанапьянов Шыңғыс Сержанұлы	Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор

Аудит және тәуекелдер комитетінің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Канапьянов Шыңғыс Сержанұлы	Комитет төрағасы, Тәуелсіз директор
2.	Дайырбеков Нұрбек Слямханұлы	Комитет мүшесі, Тәуелсіз директор



**Басқарма Төрағасының орынбасары
Қарымсақов Дидар Нұрлыбекұлы**

Жалпы жұмыс өтілі 17 жылдан астам. 2006 жылдан бастап экономиканың квазимемлекеттік және өндірістік секторларында жұмыс істеді: "Самұрық-Қазына Инвест" ЖШС, "Қазақстанның даму банкі" АҚ, "Казахстанская правда" РГ АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ, «QazTech Ventures» АҚ, "Qaz Trade" АҚ.



**Басқарма Төрағасы
Ағабеков Олжас Пернеханұлы**

Еңбек жолын 2007 жылы «Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ менеджері лауазымынан бастады. «Алматы электр станциялары» АҚ, «KEGOC» АҚ, Жамбыл облысы әкімінің аппаратында, Энергетика министрлігі Климаттың өзгеруі департаменті директорының орынбасары, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Климаттық саясат және жасыл технологиялар департаментінің директоры қызметтерін атқарды.



**Басқарма Төрағасының орынбасары
Тасбаев Ерлан Едігеұлы**

Жалпы жұмыс өтілі 27 жылдан астам. Еңбек жолын 1996 жылы «Северный» разрезінде жұмысшы болып бастаған. Әр түрлі уақытта өнеркәсіп кәсіпорындарында, коммерциялық құрылымдар мен мемлекеттік қызметте инженерлік-техникалық және басшылық лауазымдарды атқарды.

ХЖТИЖО КЕАҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕСЕБІ



2023 корпоративтік жылы атқарылған жұмыс туралы

1

Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Орталықтың Жарғысына, Акционерлердің жалпы жиналысының (Жалғыз акционердің) және Орталықтың Директорлар кеңесінің шешімдеріне, оның ішінде Басқарма туралы ережеге және Орталықтың өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

2

Басқарма туралы ереже Басқарманың мәртебесін, қалыптасу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу тәртібін, Басқарма жұмысының регламентін айқындайды.

3

Басқарма Орталық қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде, Орталықтың Жарғысында Орталықтың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

4

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде Басқарма 30 отырыс өткізді, 92 мәселе қаралды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ



**«Халықаралық жасыл
технологиялар және
инвестициялық жобалар
орталығы» КЕАҚ
Тәуекелдерді басқару және ішкі
бақылау саясаты**

Директорлар кеңесінің 2020
жылғы 20 шілдедегі № 02/08
шешімімен бекітілді

**«Халықаралық жасыл
технологиялар және
инвестициялық жобалар
орталығы» КЕАҚ тәуекелдерін
басқару жөніндегі қағидалар**

Басқарманың 2020 жылғы 30
қыркүйектегі № 27 шешімімен
бекітілді

**Жыл сайын Директорлар кеңесі
тәуекелдер тіркелімін,
тәуекелдер картасын және
тәуекелдерді іске асыру
жөніндегі іс-шаралар жоспарын
бекітеді**

Есептілік тоқсан сайынғы негізде
ұсынылады

Тәуекелдің негізгі факторлары

- Өнеркәсіп кәсіпорындарының ЕҚТ-ға көшуге тартылмауы
- ЕҚТ бойынша анықтамалықтардың жобаларына ұзақ уақыт бойы келісім жасау
- Мемлекеттік бюджетті секвестрлеу шеңберінде Орталықты қаржыландыруды қысқарту

Орталық орнықты даму қағидаттарын енгізуге, 7 «Таза энергия» ОДМ және 13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» ОДМ сияқты орнықты даму мақсаттарын белсенді қолдауға бағытталған. Біздің қызметіміз экологиялық қауіпсіз технологияларды ілгерілетуге және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған, бұл біздің стратегияларымыз бен бастамаларымыздың негізі болып табылады.



Қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілік: Біздің бастамаларымыз қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Біз экологиялық мәселелер бойынша хабардарлық пен жауапкершілікке ықпал ететін жобалар мен бағдарламаларда белсенді жұмыс істейміз.



Экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту: Біз қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайтатын және өндіріс пен тұтынудың неғұрлым тұрақты және таза әдістеріне көшуіне ықпал ететін технологияларды әзірлеуге және таратуға жәрдемдесеміз.



СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қағидаттар

- ✓ барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу және есепке алу;
- ✓ нысаналы аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыру;
- ✓ мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес қызметтерді ұсыну) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, шынайылықты, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- ✓ барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- ✓ мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындау;
- ✓ тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алу.

Карта стейкхолдеров некоммерческого акционерного общества
«Международный центр зеленых технологий и инвестиционных проектов»



АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ



100% қызметкерлердің жоғары білімі бар


3 қызметкердің ғылыми дәрежесі бар

15 қызметкердің магистр академиялық дәрежесі бар

31.12.2023 жылғы жағдай бойынша 58 қызметкер

48%


52%



Құрылымдық бөлімше басшылары деңгейіндегі әйелдердің үлесі



Қызметкерлердің жас көрсеткіштері



ҚЫЗМЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ



Орталықтың 2023 жылғы даму жоспарының орындалуы жөніндегі есебіне сәйкес қаржылық көрсеткіштері мынадай:

Кіріс	ҚҚС-ны есептемегенде 1 443 274,63 мың теңге	жоспарлы көрсеткіштерден 50 158,38 мың теңгеге немесе 0,97%-ға төмен
Шығыс	ҚҚС-ны есептемегенде 1 360 814,61 мың теңге	97 117,61 мың теңгеге немесе жоспарлы көрсеткіштерден 0,94%-ға төмен
Салық төлемдері	389 926 мың теңге	
Активтер (2023 жылдың 31 желтоқсанының аяғында)	640 704 мың теңге	
Капитал	383 879 мың теңге	Капиталға жарғылық капитал және бөлінбеген капитал кіреді
Салық салуға дейінгі табыс 82 460 мың теңгені, таза табыс 66 394 мың теңгені құрады		
"Коммерциялық емес ұйымдар туралы" ҚР Заңына сәйкес орталық өз акциялары бойынша дивидендтер есептемейді және төлемейді. Орталықтың барлық кірістері тек Орталықты дамытуға жұмсалады.		



Жалғыз акционердің шешімімен Орталықтың 2023 жылғы аудитін орындайтын аудиторлық ұйым болып "ҚР аудиторлар палатасы" КАҰ мүшесі «Қазына Аудит company» ЖШС айқындалды (ҚР Қаржы министрлігі берген мемлекеттік лицензиясы №21034428).



Аудит ҚР Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінің сапа менеджменті жүйесінің және халықаралық аудит стандарттарының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Орталықтың 2023 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін Орталықтың Жалғыз акционері бекітті (2024 жылғы 29 тамыздағы №198-Ө бұйрық).

Бекітілген жылдық қаржылық есептілік ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы қаржы есептілігі орталық депозитарийінің сайтында орналастырылған.

2024 жылға арналған МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАР

КТА

кемінде 7 шартқа
қорытынды

**ЕҚТ БОЙЫНША
АНЫҚТАМАЛЫҚ**

4 анықтамалық әзірлеу

«Жасыл" экономиканың
өзекті бағыттары бойынша

Кемінде **7** вебинар өткізу

COP 29

қатысу

Readiness-II

жобасын іске асыруды
аяқтау

**National Forum of
GCIP-Kazakhstan
өткізу**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

"Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ

010000, Қазақстан, Астана

Достық көшесі, 18, «Москва» БО,

info@iqtipc.org

8 (7172) 797-795

